

Ректордың м.а.  
2024 жылғы « 29 » қарашадағы  
№06-01-25/87 бұйрығына  
№ 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы  
Сот төрелігі академиясының қосымша білім беру бағдарламалары  
бойынша ақылы қызметтер көрсетуді үйімдастыру жөніндегі  
Нұсқаулық**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі - Академия) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша ақылы қызметтер көрсетуді үйімдастыру тәртібін айқындаиды.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы – Аппарат басшысы басшысының 2024 жылғы 10 қазандағы № 1-9/43 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес әзірленді.

3. Осы Нұсқаулыққа қатысты қосымша білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі - ҚБББ) мыналар жатады:

1) адвокаттардың, нотариустардың, медиаторлардың, жеке сот орындаушыларының және басқа да санаттағы тындаушылардың жеке және кәсіби құзыреттерін дамыту және жетілдіру бойынша біліктілікті арттыру курсары;

2) заң мамандықтарының ғылыми-педагогикалық кадрларының тағылымдамалары;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің заң мамандықтары бойынша білім алушылардың тағылымдамалары;

4) Академия магистратурасына түсуге дайындық курсары;

5) судья лауазымына біліктілік емтихандарын тапсыруға дайындық курсары.

4. ҚБББ бойынша ақылы қызмет көрсету Академия ректоры бекіткен күнтізбелік жылға арналған Жоспар-кестеге және тиісті бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5. ҚБББ бойынша оқыту жіберуші Тараптың есебінен немесе тындаушының өз қаражаты есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады.

6. ҚБББ бойынша ақылы қызметтерге қосымша білім беру қызметтерін көрсетуге шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасқан тындаушылар жіберіледі. Оқу

ақысы курс басталғанға дейін төленуі керек. Шартта белгіленген мерзімде оқу ақысын төлемеген тыңдаушы ҚББ бойынша оқуға жіберілмейді.

## **2. Академияның құрылымдық бөлімшелерінің ҚББ бойынша ақылы қызметтер көрсетуді үйымдастыру жөніндегі функциялары**

7. Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығы (бұдан әрі - АБЖО)

1) заң мамандықтары өкілдерінің қосымша білім берудегі қажеттіліктерін зерделейді;

2) ғылыми-білім беру орталықтарының (бұдан әрі - ҒБО) ықпалдасуымен құнтізбелік жылға арналған ҚББ бойынша қурстардың жоспар-кестесін және тиісті қурстардың бағдарламаларын әзірлейді;

3) академияның сайтында және ресми парақшаларында орналастыру үшін ҚББ бойынша көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат дайындаиды;

4) Академия көрсететін ақылы білім беру қызметтері үшін бекітілген сағаттық еңбекақы мөлшеріне сәйкес шарттық негізде лекторлар ретінде жетекші сарапшыларды тартады;

5) әлеуетті тыңдаушылармен ҚББ бойынша Шарттар жасасуды үйымдастырады;

6) тыңдаушыларға ҚББ бойынша оқу үшін қажетті жағдайлар жасайды;

7) тыңдаушылардың көрсетілген қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейін зерделейді;

8) лекторлар өткізген сабактардың есебін жүргізеді, әкімшілік-қаржылық қызметке (бұдан әрі - ӘҚҚ) төлем құжаттарын (көрсетілген қызмет актісі, қол қойылған шарт) ұсынады;

9) қурстардың қорытындылары бойынша есептік ақпаратты қалыптастырады.

### **8. ӘҚҚ:**

1) бір тыңдаушының оқу құнының калькуляциясын есептейді, бір лектегі тыңдаушылардың рентабельді санын анықтайды;

2) білім беру қызметтері нарығын зерделеу негізінде ақылы қызметтердің бағаларын бекіту туралы бұйрықтың жобасын әзірлейді;

3) қазынашылықта шот ашады және жүргізеді, есеп айырысу операцияларын жүзеге асырады;

4) ҚББ бойынша қаржыландыру жоспарының жобасын әзірлейді;

5) АБЖО-мен бірлесіп ҚББ бойынша Шарт жобасын әзірлейді;

6) ҚББ бойынша оқу ақысының тұсуін үйымдастырады;

7) ҚББ бойынша ақылы қызметтер жөніндегі бухгалтерлік құжаттаманы жүргізеді (шот-фактуралар, төлем шоты, көрсетілген қызметтердің актілері, салыстыру актілері және т.б.);

8) лекторларға өткізілген сабактар үшін ақы төлейді.

9. Ақпараттық технологиялар қызметі (бұдан әрі-АТҚ):

1) ҚБББ бойынша көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты Академияның сайтында және ресми парақшаларында орналастырады;

2) ҚБББ бойынша оффлайн және онлайн курстардың техникалық сүйемелдеуін қамтамасыз етеді.

10. ФБО:

1) АБЖО-ға ҚБББ бойынша курстардың күнтізбелік жылға арналған жоспар-кестесін әзірлеуге жәрдемдеседі;

2) тиісті курстардың бағдарламасын әзірлеуге қатысады.

### **3. ҚБББ бойынша оқытуды ұйымдастыру және өткізу**

11. АТҚ іске асырылатын бағдарламалардың тізбесі, олардың бағалары, сондай-ақ ҚБББ-ның бағдарламалары көрсетілген ақпаратты Академияның сайтында және ресми парақшаларында орналастырады.

12. ҚБББ бойынша оқудан өтүге ниет білдірген тұлғалар АБЖО-ға курс басталғанға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішті қолма-қол немесе оның сканерленген нұсқасын [akademia.kursy@bk.ru](mailto:akademia.kursy@bk.ru) поштасына ұсынады.

13. ҚБББ бойынша оқудан өтүге ниет білдірген адамның өтінішін АБЖО үйлестірушісі ол түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде Қағидаларға сәйкес нысан бойынша жеке және заңды тұлғалардың ақылы қызметтер көрсету жөніндегі өтініштерін тіркеу журналына тіркейді.

14. Өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін АБЖО ҚБББ бойынша оқудан өтүге тілек білдірген адамдарға ҚБББ бойынша ақылы қызметтердің өткізілетіні туралы не оның болмайтыны туралы хабардар етеді. Мұндай хабарлама адамдарға курс басталғанға дейін 5 күн бұрын жіберіледі.

Бір курсқа 10-нан кем өтініш берілген жағдайда ҚБББ оқыту ұйымдастырылмайды.

15. ҚБББ бойынша оқу басталар алдында АБЖО ұйымдастырады:

осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес қосымша бойынша Шарттар жасасуды;

ҚБББ бойынша ақы төленгенін растайтын құжаттарды қабылдау және есепке алууды.

16. Тындаушылар оқу басталардан 3 жұмыс күні бұрын Академияға келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- 1) жеке куәліктің көшірмесін;
- 2) төлем туралы түбіртектің түпнұсқасын;
- 3) қол қойылған Шарттың түпнұсқасын.

17. АБЖО ҚБББ бойынша әрбір курс аяқталған соң тындаушыларға сауалнама ұйымдастырады.

18. Осы Нұсқаулықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген ҚБББ бойынша оқу қорытындылары негізінде Академия тындаушыларға сертификат береді.

19. АБЖО тыңдаушылардың әрбір легі бойынша ақылы қызметтер көрсету қорытындылары бойынша есеп қалыптастырады.

20. Өткізілген сабақтар үшін ақы төлеу осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес Академия мен орындаушы арасында жасалатын қызметтер көрсету шартына сәйкес жүргізіледі.

#### **4. Қорытынды ережелер**

21. ҚБББ бойынша ақылы негізде оқытуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі барлық құжаттар АБЖО-да бір жыл бойы сақталады, содан кейін Академия мұрағатына тапсырылады.

22. Еңбекке ақы төлеуге, курсарды ұйымдастыруға және Академияның құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара әрекеттесуге қатысты өзге де мәселелер Академияның құқықтық актілеріне сәйкес шешіледі.

Қазақстан Республикасы  
Жоғары Сот Кеңесінің жаңындағы  
Сот төрелігі академиясының  
қосымша білім беру бағдарламалары бойынша  
ақылы қызметтер көрсетуді ұйымдастыру бойынша  
Нұсқаулыққа  
1-Қосымша

Қазақстан Республикасы  
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
Ректорына

(А.Т.Ж.)

---

Тел.

# **Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша курстарда оқудан өтуге Өтініш**

Сізден \_\_\_\_\_ онлайн / офлайн форматта \_\_\_\_\_ өтетін  
(көрсегінің астын сызу керек) \_\_\_\_\_ (күні)  
қосымша білім беру бағдарламасы бойынша  
\_\_\_\_\_  
(бағдарламаның атапу)

курстарда ақылы оқудан өтуге рұқсат беруінізді сұраймын.  
Курсты қазақ/орыс тілінде өтемін.

Колы \_\_\_\_\_  
Күні

Қазақстан Республикасы  
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
қосымша білім беру бағдарламалары бойынша  
ақылы қызметтер көрсетуді ұйымдастыру бойынша  
Нұсқаулыққа  
2-Қосымша

**Занды тұлғамен қосымша білім беру бағдарламалары бойынша ақылы  
қызметтер көрсету  
(біліктілікті арттыру курстары)**

**№\_\_\_\_\_  
Шарты**

Астана қ.

«\_\_\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ ж.

«Академия» деп аталатын «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, бір жағынан **Жарғы негізінде әрекет ететін Ректор \_\_\_\_\_ атынан және «\_\_\_\_\_», бұдан әрі «Ұйым» деп аталатын \_\_\_\_\_ тұлға, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» және әрбір жеке «Тарап» деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:**

**1. Шарттың мәні**

1.1. Академия біліктілікті арттырудың қосымша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ҚББ) бойынша ақылы білім беру қызметтерін ұсынуға міндеттенеді, ал ұйым осы Шартқа қосымшада туралы мәліметтер көрсетілген ұйым қызметкерінің (бұдан әрі мәтін бойынша - тындаушы) оқуына ақы төлеуге міндеттенеді.

ҚББ атауы: \_\_\_\_\_

1.2. Қызмет көрсету орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі 46.

1.3. ҚББ бойынша оқу мерзімі 20 академиялық сағатты құрайды және 202\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» 202\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» дейін өткізіледі, оқыту нысаны – \_\_\_\_\_.

1.4. Оқу аяқталғаннан кейін тындаушыға біліктілігін арттыру туралы сертификат беріледі.

**2. Білім беру қызметтерінің құны, оларды төлеу мерзімі мен тәртібі**

2.1. 1 (бір) тындаушыға ҚББ курсы бойынша оқу құны ҚҚС-сыз (\_\_\_\_\_) теңгені құрайды.

2.2. Шарттың жалпы сомасы осы Шартқа қосымшада көрсетілген тыңдаушылардың жалпы санынан құралады.

2.3. Ақы төлеу Академия ұсынған төлем шотының негізінде оку басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей 100% алдын ала төлем тәртібімен Академияның дербес (лицевой) шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізіледі.

2.4. Академияның дербес (лицевой) шотына ақша қаражатының түскен күні төлем күні болып есептеледі.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Академияның құқығы бар:**

3.1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Академия актілеріне сәйкес ҚБББ оқытуды дербес не әріптермен бірлесіп жүзеге асыру, оны іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын айқындауға;

3.1.2. Шартқа, Академияның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ұйымнан міндеттерді адал және тиісінше орындауды талап етуге;

3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академияның мүлкіне келтірілген залалды өтеуді ұйымнан талап етуге;

3.1.4. сабак басталғанға дейін көрсетілетін қызметтер үшін ақы талап етуге.

#### **3.2. Академия міндетті:**

3.2.1. бекітілген бағдарламаға сәйкес оқу курсын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етуге;

3.2.2. оқу үшін қажетті жағдайлар жасау (ғимараттар, материалдық-техникалық база).

#### **3.3. Ұйымның құқығы бар:**

3.3.1. ҚБББ көзделген тапсырмаларды орындау мақсатында Академияның материалдық-техникалық құралдарын пайдалана алатын ҚБББ тыңдаушыларды оқытуға жіберуге;

3.3.2. оқу процесін ұйымдастыруды, ҚБББ мазмұны мен оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

#### **3.4. Ұйым міндетті:**

3.4.1. тыңдаушыларға қажеттілік туралы түсіндіру:

бағдарламаға сәйкес сабактардың барлық түрлеріне қатысу; қосымша білім беру бағдарламасы көлемінде білімді, дағдыларды және практикалық дағдыларды менгеру;

Академиялық адалдық қағидаттарын, Академияның ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға және академия басшылығының бүйіркітари мен өкімдерін және Шарт талаптарын орындауға міндетті;

Академия мүлкіне ұқыпты қарау;

3.4.2. курсты аяқтағанға дейін Академияға өзінің заңды мекен-жайы, электрондық поштасы өзгергені туралы хабарлауға;

3.4.3. Академияға курстар үшін ақы төленгенін растайтын тиісті құжаттың көшірмесін ұсына отырып, сабактар басталғанға дейін курстарға ақы төлеуді жүргізуге құқылы.

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Тараптардың Шартта көзделген өз міндеттерін орындағаны не тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### **5. Форс-мажор**

5.1. Тараптардың бақылауына ақылға қонымды шекте тәуелді емес және шарт жасалғаннан кейін туындаған форс-мажорлық мән-жайлар (су тасқыны, өрт, басқа да дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, сондай-ақ басқа да мән-жайлар) кезінде тараптардың жауапкершілігі туындалмайды. Алайда, бұл ереже форс-мажорлық мән-жайларға ұшыраған тарап дәлелдемелерді ұсынған және бұл туралы екінші тарапқа форс-мажор басталған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлаған жағдайда ғана қолданылады.

5.2. Тараптардың бақылауына байланысты емес мән-жайлар, сондай-ақ билік және басқару органдарының тараптардың ең болмағанда біреуінің шарт бойынша міндеттемелерін орындауды мүмкін етпейтін актілер шыгаруы деп танылады.

5.3. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық мән-жайлар мен олардың салдарларының қолданылу мерзіміне мөлшерлес ауыстырылады.

#### **6. Дауларды шешу тәртібі**

6.1. Шартты орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

6.2. Дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралуға жатады.

6.3. Шартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Астана қ. МАӘС-те шешіледі.

#### **7. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және толықтыру тәртібі**

7.1. Шарт тараптар оны жасасқан күннен бастап күшіне енеді және Тараптар міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2. Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

## **8. Қорытынды ережелер**

8.1. Шарт бірдей заңды күші бар екі данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

### **Тараптардың деректемелері**

#### **Академия**

«Қазақстан Республикасы  
Жоғары Сот Кеңесінің  
жанындағы Сот төрелігі  
академиясы» РММ  
010000, Астана қ.,  
Бейбитшилик к., 46  
БИН 160340016701  
«Қазақстан Республикасы  
қаржы министрлігінің  
Қазынашылық комитеті»  
РММ  
ИИК KZ290703015010021001  
БИК KKMFKZ2A  
Кбе 11

#### **Ұйым**

Ректор \_\_\_\_\_

Жетекшісі\_\_\_\_\_

М.О.

М.О.

Занда тұлғамен косымша білім беру  
бағдарламалары бойынша  
ақылы қызметтер көрсету  
(біліктілікті арттыру курсары)  
202\_\_\_ ж. «\_\_ » \_\_\_\_ № \_\_\_\_  
Шартына  
Косымша

Косымша білім беру бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың тізімі

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

№	ТАӘ (толық)	Бір тыңдаушыға шаққандағы құны	Ұялы тел.номері.	Электрондық адрес
1				
2				
3				
4				
5				

Тыңдаушылардың барлығы \_\_\_\_\_  
Төлеуге берілетін төлем \_\_\_\_\_(\_\_\_\_\_)\_\_\_\_\_

**Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша  
жеке тұлғамен ақылы қызметтер көрсету**

**№  
ШАРТЫ**

**Астана қ.**

**«\_\_\_» 20\_\_ ж.**

«Академия» деп аталатын «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Ректор \_\_\_\_\_, бір тараптан, және бұдан әрі «Тыңдаушы» деп аталатын жеке тұлға,  
\_\_\_\_\_,  
(Т.А.Ә.)

жеке басын күйеңдірдік міндеттер көрсету орнындағы Академияның қосымша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ҚБББ) бойынша ақылы қызметтер көрсету болып табылады.

ҚБББ атауы: \_\_\_\_\_

1.2. Қызмет көрсету орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 46.

1.3. ҚБББ бойынша \_\_\_\_\_ академиялық сағатты құрайды және оқу мерзімі 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_» 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ дейін өткізіледі, оқыту нысаны – \_\_\_\_\_.

1.4. Оқу аяқталғаннан кейін Тыңдаушыға біліктілікті арттыру туралы сертификат беріледі (Академияның қосымша білім беру бағдарламалары бойынша ақылы қызметтер көрсетуді үйлемдастыру жөніндегі Нұсқаулықтың З-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген ҚБББ бойынша).

**2. Білім беру қызметтерінің құны, оларды төлеу мерзімі мен тәртібі**

2.1. ҚБББ курсы бойынша (бір) тыңдаушыға оқу құны ҚҚС-сыз \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңгені құрайды.

2.2. Ақы төлеу Академия ұсынған төлем шотының негізінде оқу басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей 100% алдын ала төлем тәртібімен Академияның есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізіледі.

2.3. Академияның есеп айырысу шотына ақша қаражатының түскен күні төлем күні болып есептеледі.

**3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**3.1. Академияның құқығы бар:**

3.1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Академияның ішкі актілеріне сәйкес ҚБББ бойынша оқытуды дербес не әріптестермен бірлесіп жүзеге асыруға, оны іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын айқындауға;

3.1.2. Тыңдаушыдан Шартқа, Академияның ішкі актілеріне және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес міндеттерін адал және тиісінше орындауын талап етуге;

3.1.3. Академияның мүлкіне келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуді Тыңдаушыдан талап етуге;

3.1.4. сабак басталғанға дейін көрсетілетін қызметтер үшін ақы талап етуге.

**3.2. Академия міндетті:**

3.2.1. бекітілген бағдарламаға сәйкес оқу курсын ұйымдастыруды және өткізуі қамтамасыз етуге;

3.2.2. оқу үшін қажетті жағдайлар (ғимараттар, материалдықтехникалық база) жасауға.

**3.3. Тыңдаушиның құқығы бар:**

3.3.1. ҚБББ бойынша білім алуға;

3.3.2. ҚБББ көзделген тапсырмаларды орындау мақсатында Академияның материалдық-техникалық құралдарын пайдалануға;

3.3.3. оқу процесін ұйымдастыруды, ҚБББ мазмұны мен оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

**3.4. Тыңдаушы міндетті:**

3.4.1. бағдарламаға сәйкес сабактардың барлық түрлеріне қатысуға;

қосымша білім беру бағдарламасы көлемінде білімді, дағдыларды және практикалық дағдыларды менгеруге;

3.4.2. Академиялық адалдық қағидаттарын, Академияның ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға және Академия басшылығының бүйрықтары мен өкімдерін және Шарт талаптарын орындауға;

3.4.3. Академия мүлкіне ұқыпты қарауға;

3.4.4. курсты аяқтағанға дейін Академияға тұрғылықты жері мен төлкүжат деректері, электрондық мекен-жайы туралы хабарлауға;

3.4.5. Академияға курстарға ақы төленгенін растайтын тиісті құжаттың көшірмесін ұсына отырып, сабак басталғанға дейін курстарға ақы төлеуге.

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Тараптардың Шартта көзделген өз міндеттерін орындағаны не тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## **5. Форс-мажор**

5.1. Тараптардың бақылауына ақылға қонымды шекте тәуелді емес және Шарт жасалғаннан кейін туындаған форс-мажорлық мән-жайлар (су тасқыны, өрт, басқа да дүлей зілзаларап, әскери іс-қимылдар, сондай-ақ басқа да мән-жайлар) кезінде Тараптардың жауапкершілігі туындамайды. Алайда, бұл ереже форс-мажорлық мән-жайларға ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапқа форс-мажор басталған сэттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей дәлелдемелерді ұсынған және хабарлаған жағдайда қолданылады.

5.2. Тараптардың бақылауына байланысты емес мән-жайлар деп сондай-ақ билік және басқару органдарының Тараптардың ең болмағанда біреуінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудың мүмкін етпейтін актілер шығаруы танылады.

5.3. Тараптардың міндеттемелерді орындауды форс-мажорлық мәнжайлар мен олардың салдарларының қолданылу мерзіміне мөлшерлес ауыстырылады.

## **6. Дауларды шешу тәртібі**

6.1. Шартты орындау, бұзу кезінде туындауды мүмкін даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

6.2. Дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ Шартта реттелмеген мәселелер, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 32-бабына сәйкес Академияның орналасқан жері бойынша сотта қаралуға және шешілуге тиіс.

## **7. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және толықтыру Тәртібі**

7.1.Шарт тараптар оны жасасқан күннен бастап күшіне енеді және Тараптар міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2.Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

## **8. Қорытынды ережелер**

8.1. Шарт бірдей заңды күші бар екі данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

### **Тараптардың деректемелері**

<b>Академия</b> «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы	<b>Тындаушы</b> Т.А.Ә. _____
--	---------------------------------

Сот төрелігі академиясы» РММ  
010000, Астана қ.,  
Бейбітшілік көшесі, 46  
БСН 160340016701  
«Қазақстан Республикасы қаржы  
министрлігінің Қазынашылық  
комитеті»  
ЖСК KZ290703015010021001  
БСК ККМFKZ2A Кбe 11  
Ректор \_\_\_\_\_  
М.О.

Мекен жайы : \_\_\_\_\_  
жеке басын қуәландыратын құжат,  
берілген күні  
\_\_\_\_\_  
ЖСН \_\_\_\_\_  
электрондық пошта: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
Тындаушы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
қосымша білім беру бағдарламалары бойынша  
ақылы қызметтер көрсетуді ұйымдастыру бойынша  
Нұсқаулыққа  
3-Қосымша

**Қызмет көрсету үшін**  
**№ Шарт**

Астана қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ жыл

Занды тұлға, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Ректор атынан \_\_\_\_\_, Жарғы негізінде әрекет ететін, бір жағынан жеке тұлға, \_\_\_\_\_, ЖСН \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын екінші тараптан бірлесіп Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

**1. Шарттың мәні**

1.1. Өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы 1.2-тармақта көрсетілген қызметтерді көрсетуге міндеттенеді (бұдан әрі - Қызметтер), ал Тапсырыс беруші осы көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы Тапсырыс беруші бекітken оқу бағдарламасында көрсетілген пәндер бойынша онлайн немесе оффлайн нысанда оқытуышылық қызмет көрсетеді.

1.3. Жұмыстарды орындау мерзімі «\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_ ж. «\_\_» 202\_ ж.

1.3.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) актісіне қол қойғаннан кейін қызметтер көрсетілген болып саналады.

**2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**2.1. Орындаушы міндетті:**

2.1.1 Шарттың 1.2 т. сәйкес сапалы қызмет көрсетуге;

2.1.2. осы Шарттың 1.3. тармағында көрсетілген мерзімде толық көлемде қызмет көрсетуге;

2.1.3. Орындаушыға берілген Тапсырыс берушінің оқыту бағдарламасына сәйкес қызмет көрсетуге;

2.1.4. Орындаушы қызметті жеке өзі көрсетуге міндettі.

## **2.2. Орындаушиның құқығы бар:**

2.2.1. Тапсырыс берушімен келісім бойынша қызмет көрсету әдістерін анықтауға;

2.2.2. Тапсырыс берушіге қажетті ақпаратты және көрсетілетін қызметтердің әдістемесі мен тәсілдері бойынша құжаттарды ұсынуға.

## **2.3. Тапсырыс беруші міндettі:**

2.3.1. жұмысты осы Шарттың 3.1 т. көрсетілген баға бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған сәттен бастап 10 күн ішінде төлеуге.

## **2.4. Тапсырыс беруші құқылы:**

2.4.1. кез келген уақытта Орындаушы көрсететін қызметтердің барысы мен сапасын тексеруге;

2.4.2. Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан бас тартуы туралы хабарлама алғанға дейін орындалған көрсетілген қызметтердің бір бөлігіне пропорционалды түрде белгіленген соманың бір бөлігін Орындаушыға төлеп, актіге қол қойылғанға дейін шартты орындаудан кез келген уақытта бас тартуға.

## **3. Орындаушиның қызметтеріне ақы төлеу тәртібі**

3.1. Орындаушиның қызметтер құны ҚҚС-сыз академиялық сафат үшін 15000 (он бес мың) теңгені құрайды.

3.2. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша қызметтер құнын Орындаушыға төлеуі қаражатты осы Шартта көрсетілген шотқа аудару арқылы жүзеге асырылады.

3.3. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Орындаушыға жататын төлемдер сомасынан салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді ұстап қалады және төлейді.

## **4. Тараптардың жауапкершілігі**

4.1. Шарт бойынша міндettемелерді тиісінше орындағаны және/немесе орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасында қолданылатын азаматтық заңнама нормаларына сәйкес жауапты болады.

## **5. Дауларды шешу тәртібі**

5.1. Шарттан және оған байланысты туындағынын даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралуға жатады.

5.2. Шарт тараптардың келісімі бойынша және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда бұзылуы мүмкін.

## 6. Басқа шарттар

6.1. Шарт оған екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және «  »  
\_\_\_\_\_ 202   ж. дейін, ал өзара есеп айырысу бөлігінде - олар толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

6.2. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

6.3. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделуі, Тараптар не Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс.

6.4. Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

6.5. Шарттың ережелерінде көзделмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алуға міндеттенеді.

## Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы

Жоғары Сот Кеңесінің жаңындағы

Сот төрелігі Академиясы РММ

010000, Астана қ., Бейбитшилик  
көшесі, 46

тел: +7 (7172) 71-08-71, 71-08-50

БИН 160340016701, Кбे 11

Банк бенефициара:

РГУ «Комитет Казначейства

Министерства финансов Тел.

РК», БИК KKMFKZ2A

ИИК

Ректор

М.О.

Орындаушы:

Т. А.Ж.

нақты тұрғылықты жерінің мекен-  
жайы

Астана қ., көшесі

жеке басын күәландыратын күжат,  
берілген күні

ЖСН \_\_\_\_\_,

Телефоны:

+7 \_\_\_\_\_

карточкалық шот: \_\_\_\_\_

(банктің

атауы) \_\_\_\_\_

Т. А.Ж.

Қолы \_\_\_\_\_

М.О.